

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша  
Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы**

**20.03.2025 ж.**

**Қатысқандар:**

**АК төрайымы:**

1.Меирбекова Оксана Даировна

**АК мүшелері:**

2. Абдикулова Загипа Киргизбаевна

3. Агабекова Актолкын Бекарысовна

4. Калимбетова Жансая Сейдахановна

5. Бабахан Шохрух Абдилқасымұлы

6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич

7. Байбаков Абзал Нурмаханұлы

8. Махмутова Гулжан Бақитжанқызы

**Қатыспағандар: жок**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1.Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу.

2.Аkkредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін үйімдастыру

3.Қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу

4.Қантар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

5.Әртүрлі мәселелер

5.1 Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова:* Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу, аккредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін үйімдастыру, қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізу, қантар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау және әртүрлі мәселелер болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

*АК мүшесі, Калимбетова Ж.С. бірінші мәселе бойынша:* «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша УЕ-ХҚГУ-030-2021 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту Ережесі негізінде 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңартылды. ББ жаңарту барысында соңғы МЖБС талаптары, кәсіби стандарттардың сәйкестігін есепке алынды. Қазіргі уақытта Жасанды интеллекттің дамуына орай Жасанды интеллект негіздерін игеру мақсатында пәндерді қосу міндетtelген болатын. Осының негізінде 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ-на Жасанды интеллект пәні (5кп) қосылып жаңартылған болатын. Жаңартылған ББ Реестрге енгізілді.

*Шешім:* 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңартылған ББ Реестрге енгізілді.

*АК мүшесі, Абдикулова З.К екінші мәселе бойынша:* Аккредитация есептерін даярлау, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитін ұйымдастыру мәселесі бойынша айтып өтті. Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визиті сәуір айына жоспарланып отыр. Қолданыстағы 7M07130-Электр энергетикасы ББ бойынша өзін-өзі бағалау есебін жасалды, есепке қажетті барлық қосымшалар қамтылды, кафедраның академиялық комитеттің мүшелері, жалпы ОПК түтелімен атсалысты. Өзін-өзі бағалау есебі жоғары деңгейде жасалды деп айтуға болады. Аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визитіне аккредиттегі 7M07130-Электр энергетикасы ББ толығымен дайын деп айтуға болады.

**Шешім:** Аккредитация есептері даярланып, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визиті жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.

*АК мүшесі, Агабекова А.Б. үшінші мәселе бойынша:* Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр және магистратура ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді. Жұмыс беруші өкілі «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның басқарма төрағасы Кенжебеков М.У., Қазақ-неміс политехникалық колледж директоры Султанбаев А.М. ББ мазмұнымен толық танысып сараптама қорытындыларын, сауалнама нәтижелерін берді. 6B071-Инженерия және инженерлік іс бағыты, оның ішінде 6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы оқу-танымдық, жеке-тұлғалық, коммуникативтік, кәсіби құзіреттерге негізделіп, олар іштей құрамдас құзіреттерге жіктелген. Білім беру бағдарламасының басты мақсаты білім алғып, білім мен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке - ақпаратты өзі іздел табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде жұмыс істеу және лайықты өмір сұру болып табылады. 6B07153 – Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару бойынша әзірленген Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп берді.

7M07158-Автоматтандыру және басқару және 7M07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бүгінгі болашақ маманның құзырлы даярлығы, ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді, сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары оқу орнында жинақтаған теориялық-практикалық білім деңгейінің сапасы-болашақ жас үрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім ьерудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту әрекеттік шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық сипаты басты нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек. Білім беру-қогам мүшелерінің адамгершілік-интеллектуалдық, мәдени дамуы кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз оқыту мен тәрбиелуу процесі. 7M07158-Автоматтандыру және басқару және 7M07130-Электр энергетикасы бағыты бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы осы мақсатта әзірленген кәсіби құзыреттерге негізделіп және олар іштей құрамдас құзыреттерге жіктелген. Білім беру бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген.

**Шешім:** Қолданыстағы бакалавр және магистратура бойынша ББ ішкі сараптамадан өтіп, талқыланды.

*АК мүшесі Бабахан Ш.А.* Құрметті АК мүшелері қантар, ақпан және наурыз айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. 7M07158-Автоматтандыру және басқару ББ жаңартылған ББ Реестрге енгізілді, аккредитация есептері даярланды, аккредиттеудің сыртқы экспертер тобының визиті ұйымдастырылып жатыр, қолданыстағы бакалавр және магистратура ББ ішкі сараптаудан өткізіліп, талқыланды. Жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

**Шешім:** Қантар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

Күн тәртібінің әртүрлі мәселелері бойынша *AK мүшесі*, Абдикулова З.К: «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы бойынша кафедраға қарасты ББ бойынша 6B07153-Электр энергетикасы ББ-сы 35 ЖОО арасынан 30 орынға, 6B07154-Автоматтандыру және басқару ББ 27 ЖОО арасынан 22 орынға орналасты. Қорсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жалақының төмен болуы есебінен орын алғандығы байқалады. Алдағы уақытта бітіруші түлектермен барынышы байланыс орнатып жұмыс жасау үшін жоспарлар күрүлдү.

**Шешім:** «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының 2025 жылғы білім беру бағдарламаларының рейтингісінің қорытындысы талданды.

**6B071 Инженерия және инженерлік іс  
даярлау бағыты бойынша  
Академиялық комитет төрағасы:**

О.Д.Меирбекова